

РЕЦЕНЗИЯ
МЕДИЦИНА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ПРОФЕССОР,
ҚАРАҒАНДЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ОНКОЛОГИЯ ЖӘНЕ СӘУЛЕЛІК
ДИАГНОСТИКА КАФЕДРАСЫНЫҢ МЕНГЕРУШІСІ
Н.А. КАБИЛДИНА

«Сүт безі обырын емдеу мен қалпына келтірудің кешенді тәсілдері» атты оқу-әдістемелік құрал – онкологияның маңызды мәселелерін қамтитын және болашақ медицина қызметкерлерінің клиникалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған құнды әдістемелік еңбек.

Бұл құралда сүт безі обырына қатысты барлық негізгі аспектілер қамтылған: этиология мен эпидемиологиядан бастап TNM жіктемесі мен емнің тиімділігін бағалауға дейін. Құрал құрылымы нақты, логикалық дәйектілікпен түзілген, бұл оқу үдерісінде студенттердің материалды оңай қабылдауына септігін тигізеді.

Оқу құралының басты ерекшеліктерінің бірі – қазақ тілінде жазылған сапалы әрі ғылыми негізделген онкологиялық әдебиеттің тапшылығы жағдайында бұл еңбектің отандық медициналық білім беру кеңістігіндегі орнын ерекше етуінде. Авторлар қазақ тілінде ғылыми терминологияны сауатты қолданып, онкологиялық ауруларды сипаттаудағы кәсіби тілді орынды меңгерген.

Сондай-ақ, құралда сүт безі обырының морфологиялық түрлері, инвазиялық және инвазиялық емес формалары, биологиялық ішкі типтері және молекулалық-профильдік сипаттамалары терең қарастырылған. Заманауи диагностика мен емдеудің халықаралық деңгейдегі әдістері — сцинтигаммография, магнитті-резонансты томография, трепан-биопсия, гормондық рецепторларды анықтау, иммуногистохимия және Ki-67 индексі бағалау сынды бағыттар кеңінен қамтылған.

Құралдың тағы бір маңызды қыры — өзіндік білімді бағалау сұрақтарының енгізілуі, бұл студенттердің білімін жүйелеуге және пысықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қолданылған әдебиеттер тізімінің болуы оқырманға қосымша дереккөздермен жұмыс істеуге жағдай жасайды.

Жалпы алғанда, «Сүт безі обырын емдеу мен қалпына келтірудің кешенді тәсілдері» атты оқу құралы болашақ дәрігерлер мен жас мамандарға арналған кәсіби оқулық ретінде оқу процесіне енгізуге толықтай ұсынылады.

Медицина ғылымдарының кандидаты,
Профессор

